

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 4782 " Ақтөбе қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 5547 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 қаңтарда № 5199 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 4782 "Ақтөбе қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4650 тіркелген, 2015 жылғы 31 желтоқсанда "Ақтөбе және " Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Ж.Ж. Зинеге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

І.Испанов